

КЕЛІСІЛДІ

Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің

басшысы

Д.Ш Нурова



«Бекітемін»

Директор КММ «ЖББМ №2»

Б.Р Аубакиров

2022-2023 оқу жылына «Батажан» шағын орталығының «Балапан» аралас тобының оқу жоспары
2-қосымша

2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	Жас топтары
		Орта топ 2 жастағы балалар	Орта топ 3 жастағы балалар
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі ***		күн сайын
3	Сауат ашу негіздері		
4	Математика негіздері		күн сайын
	Сенсорика	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	Күн сайын
	Жапсыру	күн сайын	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын	күн сайын
7	Музыка	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту. 2022-2023 оқу жылында негізгі белгіленген міндеттер төмендегідей бағыттарды қамтиды.

-әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

-балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

-тәрбиенушілердің қимыл қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалды, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру;

-Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірігейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

-баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

2022-2023 оқу жылында білім беру мекемесі төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып жұмыс істейді:

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319;

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345; (2016 жылғы 9 сәуірдегі №501-V ҚРЗ өзгерістермен);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы; «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы №11 хатамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық»;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»

2022 жыл 9 қыркүйек №94 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы».

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) Тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) Құймадастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) Білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) Сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады

Аралас тобындағы балалар:

Кіші топ (2 жастан асқан балалар)

Ортаңғы топ (3 жастан асқан балалар)